	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
2-деңгейлі СМЖ құжаты	Ұйым стандарты	
Мәтіндік және графикалық материалдардың құрылымына, жазылуына, рәсімдеу мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар	2017 жылғы «25» 05 № 2 басылым	ҚазҰЗТУ СТ – 09 – 2017

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫ

МӘТІНДІК ЖӘНЕ ГРАФИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА, ЖАЗЫЛУЫНА, РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

ҚазҰТЗУ СТ – 09 – 2017

Ресми басылым

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Алматы 2017

Алғы сөз

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ корпоративтік даму департаментінде **ӘЗІРЛЕНІП, ЕНГІЗІЛДІ**

2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Басқармасының 2017 жылғы «___» _____ № _____ шешімімен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Ұйым стандарты ҚР СТ 1.5 – 2013 ҚР МТРЖ. «Стандарттардың құрылымына, жазылуына, рәсімдеу және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар», ҚР СТ 1.2 – 2013 ҚР МТРЖ. Мемлекеттік стандарттар мен ұйым стандарттарын әзірлеу тәртібі, 9000 сериялы МС ИСО стандарттарына сәйкес келеді.

4 2015 жылғы 18 қыркүйектегі №1 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ – 2022 ЖЫЛ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ – 5 ЖЫЛ

Осы стандарт Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе жартылай көшіруге, басып шығаруға, таратуға болмайды.

Мазмұны

1	Қолдану аймағы	5
2	Нормативтік сілтемелер	5
3	Жалпы ереже	6
4	Оқу жұмысының құрамы	6
4.1	Оқу жұмысының элементтері	6
4.2	Титулды парақ	8
4.3	Тапсырма	9
4.4	Аңдатпа	9
4.5	Реферат	9
4.6	Мазмұны	10
4.7	Кіріспе	10
4.8	Негізгі бөлім	10
4.9	Қорытынды. Тұжырымдар	10
4.10	Терминдер тізімі. Қысқартулар тізімі	11
4.11	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	11
4.12	Қосымшалар	11
5	Оқу жұмыстарының мәтінін рәсімдеуге қойылатын талаптар	12
5.1	Оқу жұмыстарын орындау тәсілдері	12
5.2	Оқу жұмысының мәтінін бөлу	13
5.3	Оқу жұмысы мәтінінің жазылуына қойылатын талаптар	15
5.4	Формулалар	16
5.5	Кестелер	17
5.6	Иллюстрациялар	19
5.7	Сілтемелер	20
5.8	Ескертулер	21
5.9	Түсіндірмелер	21
6	Графикалық материалдарға қойылатын жалпы талаптар	22
6.1	Формат	22
6.2	Сызбаларда техникалық талаптар мен кестелерді, жазуларды салу ережелері	23
6.3	Масштабтар	24
6.4	Сызықтар	24
6.5	Қаріптер	24
6.6	Сипаттама	25
6.7	Графикалық схемалар мен өзге де графикалық материалдарды рәсімдеу	25
6.8	Демонстрациялық материалдарды рәсімдеу	26
6.9	Айқын пленкадағы материалдарға қойылатын жалпы талаптар	27

А қосымшасы	Дипломдық жұмыс / магистрлік диссертация мұқабасын рәсімдеу үлгісі	28
Б қосымшасы	Дипломдық жұмыстың титулды парағын рәсімдеу үлгісі	29
В қосымшасы	Дипломдық жұмысын орындау үшін тапсырмаларды рәсімдеу үлгісі	30
Г қосымшасы	Дипломдық жобаның мұқабасын рәсімдеу үлгісі	32
Д қосымшасы	Дипломдық жобаның титулды парағын рәсімдеу үлгісі	33
Е қосымшасы	Дипломдық жобаны орындау үшін тапсырмаларды рәсімдеу үлгісі	34
Ж қосымшасы	Магистрлік диссертацияның титулды парағын рәсімдеу үлгісі	35
И қосымшасы	Магистрлік диссертацияны орындау үшін тапсырмаларды рәсімдеу үлгісі	39
К қосымшасы	Курстық жобаның (курстық жұмыстың) түсіндірме жазбасын рәсімдеу үлгісі	41
Л қосымшасы	Зертханалық жұмыстың (семестрлік жұмыстың) титулды парағын рәсімдеу үлгісі	43
М қосымшасы	Білім алушының өздік жұмысының (типтік графикалық есеп, реферат, бақылау жұмысы, үй тапсырмасы, практикалық жұмыс) титулды парағын рәсімдеу үлгісі	46
Н қосымшасы	Практика жайлы есептің титулды парағын рәсімдеу үлгісі	47
П қосымшасы	Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі	50
	Библиография	51
	Өзгерістерді тіркеу парағы	52

Ұ Й Ы М С Т А Н Д А Р Т Ы**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫ
МӘТІНДІК ЖӘНЕ ГРАФИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА,
ЖАЗЫЛУЫНА, РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН
ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР**

Енгізу күні 2017__ - __

1 Қолдану аймағы

Осы ұйым стандарты университеттегі білім алушының оқыту үдерісі кезінде орындайтын оқу жұмыстарының барлық түріне таратылады және мәтіндік және графикалық материалдарды рәсімдеу мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы стандарттың талаптарын орындау міндетті болып табылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта төменде көрсетілген стандарттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ 1.2 – 2013 ҚР МТРЖ. Мемлекеттік стандарттар мен ұйым стандарттарын әзірлеу тәртібі.

ҚР СТ 1.5 – 2013 ҚР МТРЖ. Стандарттардың құрылымына, жазылуына, рәсімдеу және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

МЕСТ 2.004 – 88 КҚБЖ. ЭЕМ–нің басып шығарушы және графикалық құрылғыларында конструкторлық және технологиялық құжаттардың орындалуына қойылатын жалпы талаптар.

МЕСТ 2.104 – 2006 КҚБЖ. Негізгі жазулар.

МЕСТ 2.105 – 95 КҚБЖ. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар

МЕСТ 2.106 – 96 КҚБЖ. Мәтіндік құжаттар.

МЕСТ 2.301 – 68 КҚБЖ. Форматтар.

МЕСТ 2.302 – 68 КҚБЖ. Масштабтар.

МЕСТ 2.304 – 81 КҚБЖ. Сызба қаріптері.

МЕСТ 2.316 – 68 КҚБЖ. Сызбаларда техникалық талаптар мен кестелерді, жазуларды салу ережелері. Жалпы ереже.

МЕСТ 2.321 – 84 КҚБЖ. Әріптік белгілер.

МЕСТ 7.1 – 2003 СИБИД. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері.

МЕСТ 7.9 – 95 СИБИД. Реферат және аңдатпа. Жалпы талаптар.

МЕСТ 7.12 – 93 СИБИД. Библиографиялық жазба. Орыс тіліндегі қысқартылған сөздер. Жалпы талаптар мен ережелер.

МЕСТ 7.32 – 2001 СИБИД. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері.

МЕСТ 8.417 – 2002 ГСИ. Шамалар бірліктері.

3 Жалпы ережелер

3.1 Жоғары оқу орындары мен кафедралардағы білім алушылардың оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес бірыңғай рәсімдеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

3.2 Оқу жұмыстары келесі құжат түрлерін қамтиды:

– магистрлік диссертация;

- дипломдық жоба (жұмыс);
- курстық жоба (жұмыс);
- практика туралы есеп;
- БАҒЗЖ туралы есеп;
- ғылыми мақала;
- бақылау жұмысы;
- зертханалық жұмыс;
- тәжірибелік жұмыс;
- білім алушының өздік жұмысы.

3.3 Оқу жұмыстары, әдетте, мәтіндік және графикалық материалдардан тұрады. Тұтас мәтіндерден тұратын мәтіндік құжаттарға мыналар жатады: магистрлік диссертация, есептер, курстық және дипломдық жобаларға (жұмыстарға) арналған есептік-түсініктемелік жазба, бақылау мен зертханалық жұмыстар және т.б. Сондай-ақ, мәтіннен тұратын бағандарға бөлінген құжаттар: сызбаларға сипаттама, технологиялық карталар, кестелер және т.б.

Графикалық құжаттар сызбаларға, графикаларға және диаграммаларға бөлінеді.

4 Оқу жұмысының құрамы

4.1 Оқу жұмысының элементтері

4.1.1 Жалпы алғанда оқу жұмыстары көрсетілген ретпен келесі элементтерді қамтуы тиіс:

- а) мұқаба;
- б) титулды парақ;
- в) тапсырма;
- г) андатпа (ғылыми мақала-реферат үшін);
- д) мазмұны;
- е) кіріспе;
- ж) негізгі бөлім;
- и) қорытынды;
- к) қабылданған терминдер тізімі, қысқартулар тізімі;
- л) пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- м) қосымшалар;
- н) сипаттамалар.

Оқытушының нақты тапсырмасына немесе талаптарына қарай мәтіндік бөлім толықтырылуы мүмкін. Оқу жұмысының құрамы оның түріне, нақты тапсырмасына байланысты болады және ол **1-кестеде** келтірілген, элементтің міндетті болуы «плюс» таңбасымен, элементтің жоғы «минус» таңбасымен және факультативтік (қажеттілігіне қарай) «жұлдызша» таңбасымен белгіленген.

1-кесте - Оқу жұмысындағы элементтер

Оқу жұмысының элементтері	Оқу жұмысының түрі								
	Дж/Д ж	Кж/К ж	Мд	ӨП, ОП турал ы есеп	БҒЗЖ туралы есеп	Ғылым и мақала	ЕГ Ж	Б/ж	З/ж
Мұқабә, титулды парақ	+	-	-	-	-	-	-	-	-
	+	+	+	+	+	-	+	+	+
Тапсырма	+	+	+	+	+	-	+	+	-
Андатпа (ҒЫЛЫМИ мақалалар үшін – реферат)	+	-	+	-	+	+	-	-	-
Мазмұны	+	+	+	+	+	-	-	-	-
Кіріспе	+	+	+	+	+	-	-	-	-
Негізгі бөлім	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Қорытынды	+	+	+	+	+	-	+	-	+
Қабылданған қысқартулар, терминдері тізімі	+	+	+	+	+	-	-	-	-
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	+	+	+	+	+	+	+	+	-
Қосымша	+	*	*	-	*	-	+	-	-
Сипаттама	+	*	-	+	-	-	-	-	-

Дж – дипломдық жоба (жұмыс)
Кж – курстық жоба (жұмыс)
Мд – магистрлік диссертация
*Өпр, Опр – өндірістік практика, оқу практикасы
БАҒЗЖ – білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы
ЕГЖ – есептік-графикалық жұмысы
БЖ – бақылау жұмысы
ЗЖ – зертханалық жұмыс

4.1.2 *Дипломдық жобаның (жұмыс) көлемі*, әдетте **40-50 беттен** тұруы керек. Мамандықтың жекелеген топтары бойынша диплом жобасының (жұмысының) көлемі 100 бетке дейін жетуі мүмкін. **Диплом жобасының (жұмысының) аталған көлеміне қосымшалар кірмейді.**

4.2 Титулды парақ

4.2.1 Титулды парақ А4 форматтағы параққа жазылады (1 - сурет).

- 1 - жол – министрліктің атауы (бас әріптермен).
- 2 - жол – жоғары оқу орнының атауы (бас әріптен басқасы кіші әріппен).
- 3 - жол – институттың атауы (бас әріптен басқасы кіші әріппен).
- 4 - жол – кафедраның атауы (бас әріптен басқасы кіші әріппен).
- 1-4 - жол парақтың ортасына жазылады.
- 5 - жол – шектеу грифі (қажеттілігіне қарай).
- 6 - жол – кафедра меңгерушісінің қорғауға жіберу туралы грифі.

5-6 - жолдар парақтың оң жақ шегіне мәтін блогының сол жағын теңестірумен орналастырылады.

7 - жол – оқу жұмысының түрі (бас әріптермен).

8 – жол - оқу жұмысының тақырыбы (Бас әріптен басқасы кіші әріптермен).

9-жол – мамандықтың шифрі мен атауы.

7-9-жолдар парақтың ортасына орналастырылады.

1	
2	
3	
4	
	5
	6
7	
8	
9	
10	
11	12
13	

10-жол – «Орындаған» сөзі парақтың сол жағына жазылады, ал оған қарсы жағына білім алушының тегі, аты-жөні жазылады.

11 - жол – дипломдық жоба (жұмысқа) пікір-сарапшысының қолы (тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, басқа да лауазымдары, қол қойған күні).

12 - жол – оқу жұмысының ғылыми жетекшісі (тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі және жетекшінің басқа да лауазымдары, қол қойған күні).

13 - жол –басылымның жылы және қаласы («жыл» немесе «ж» деген сөздер болмауы тиіс).

Оқу жұмыстарының мұқабасы мен титулды парақтарының орындалу үлгілері **А,Б,Г,Д,Ж,Л,М,Н. қосымшаларында** келтірілген.

4.3 Тапсырма

Оқу жұмыстарының тапсырмасын ғылыми жетекші береді. Тапсырмаларды рәсімдеу үлгілері **В, Е, И қосымшаларында** көрсетілген.

4.4 Аңдатпа

Аңдатпа оқу жұмысының қысқаша сипаттамасы мен мақсатты тағайындамасы болып табылады және мемлекеттік, орыс және шетел тілдерінде жазылады. Аңдатпада оқу жұмысының түрі, баяндалатын нысан және оның негізгі сипаттамалары (жұмыстың мақсаты, оны қамту тематикасы мен аспектісі), жұмыстың ерекшеліктері (мәселе қою, жеке мәселелерді шешу, ұсыныстар) көрсетіледі. Аңдатпада жұмыстың мазмұнын баяндап беруге болмайды.

Аңдатпа көлемі 0,5 - 1 парақтан аспауы тиіс. «**АҢДАТПА**» сөзі бас әріптермен парақтың ортасына тақырып түрінде жазылады және нөмірленбейді.

4.5 Реферат

Реферат – бастапқы құжат (немесе оның бөлігінің) мазмұнының негізгі мәліметтері мен оның тұжырымымен қысқаша баяндамасы. Реферат МЕСТ 7.9 – 95 бойынша орындалады.

Реферат:

– көлемі, иллюстрациялар, кестелер саны, пайдаланылған әдебиеттер саны туралы мәліметтерді;

– түйінді сөздер тізімін (5 – 15 сөз);

– реферат мәтінін қамтуы тиіс.

Реферат мәтіні келесідей жоспар бойынша құрылады:

– реферат көлемі (500 баспалық белгіден аспауы керек);

– жұмыс (нысан) тақырыбы;

– жұмыс сипаты мен мақсаты.

4.6 Мазмұны

Оқу жұмысының мазмұнында нөмірлер, бөлімдер мен бөлімшелер атаулары, сондай-ақ кіріспе, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен парақтың нөмірлері көрсетілген қосымша сияқты түсіндірме жазбадағы элементтер қамтылады.

Осы жұмыстың мазмұны жалпы парақтар санына қосылады. «**МАЗМҰНЫ**» сөзі бас әріптермен парақтың ортасына жазылады және нөмірленбейді. Мазмұнға енгізілген атаулар бас әріппен басталып, кіші әріптермен жазылады.

Парақтың нөміріне дейінгі аралықты нүктелермен толтыруға болмайды.

4.7 Кіріспе

Кіріспе оқу жұмысының бірінші құрылымдық элементі болып табылады. «**КІРІСПЕ**» сөзі тақырып ретінде бас әріптермен парақтың ортасына жазылады және нөмірленбейді. Кіріспеде оқу жұмысына арналған ғылыми-техникалық мәселелердің қазіргі жағдайы, жұмыс мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалықтың нақты тұжырымы, жұмыстың өзектілігі, теориялық және әдіснамалық негіздері, жұмысты орындау қажеттілігінің практикалық базасы мен негізі қысқаша сипатталуы қажет.

4.8 Негізгі бөлім

Оқу жұмысының негізгі бөліміне шығарушы кафедралар әзірлеген нормативтік құжаттардың талаптарына сай бөлімдер кіреді. Негізгі бөлімде орындалған жұмыстың негізгі нәтижелері мен әдістерін, мазмұнын, мәнін ашатын деректер келтіріледі.

4.9 Қорытынды. Шешімдер

4.9.1 Қорытынды бөлімде жалпы алғанда, жұмыс нәтижесін бағалау, тапсырмаға сәйкестігі жөнінде жазылады. Қорытындының мәтіндік бөлімінде орындалған жұмыстың техникалық–экономикалық бағасы беріліп, жұмыс нәтижесінің ғылыми, әлеуметтік немесе танымдық құндылығы көрсетіледі.

Қорытындыда жұмыс қандай нәтижелермен аяқталғандығын көрсету керек (зерттеудің жаңа әдістері мен қағидаларын алумен, нысандардың сапалық немесе сандық сипаттамаларын алумен, ұсыныстар мен әдістерді әзірлеумен, жобаларын, жаңа технологиялық процестер мен режимдердің жобаларын өндіріске енгізумен). **«ҚОРЫТЫНДЫ»** сөзі *бас әріптермен* парақтың ортасына жазылады және нөмірленбейді.

4.9.2 Зертханалық жұмыстар бойынша есептердің қорытындысында жүргізілген оқу тәжірибелерінің талдауы берілуі, алынған мәліметтер мен теориялық есептерге салыстыру жүргізілуі, оқу материалдарын игеру үшін алынған нәтижелердің танымдық құндылығы көрсетілген болуы керек. **«ШЕШІМДЕР»** сөзі *бас әріптермен* тақырып түрінде парақтың ортасына жазылады және нөмірленбейді.

4.10 Терминдер тізімі. Қысқартулар тізімі

4.10.1 Егер құжатта өзгеше терминология қабылданған болса, соңында (әдебиеттер тізімі алдында) қабылданған терминдердің тиісті түсініктемелері бар тізімі болуы тиіс. Бұл тізім құжат мазмұнына енгізіледі.

4.10.2 Оқу жұмысында пайдаланылатын қысқартулар **МЕСТ 2.316** және **МЕСТ 7.12** стандартына сәйкес болуы керек. Егер құжатта қысқартудың ерекше жүйесі, сөздер немесе атаулар, қабылданған болса, онда құжаттың соңында - терминдер тізімінің алдында қабылданған қысқартулар тізімі келтірілуі тиіс.

4.11 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне кіретін әдебиеттер дипломдық жоба (жұмыста) мәтінінде пайдаланылған ретпен орналастырылады. Мәтінде оларға сілтеме жасалғанда, оның реттік нөмірі тік жақша ішіне жазылады. **«ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ»** сөзі *бас әріптермен* парақтың ортасына тақырып түрінде жазылады және нөмірленбейді.

«ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ» құрылымдық элементінде әдебиеттер *араб сандарымен нөмірленіп, абзацтан бастап жазылады*. Әдебиеттердің библиографиялық сипаттамасының үлгілері **II қосымшада** көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне журналдардан алынған мақалалар, ғылыми конференция материалдары, электронды мәлімет көздері және мемлекеттік, халықаралық стандарттар мен өзге де нормативтік техникалық құжаттар енгізілуі мүмкін.

4.12 Қосымшалар

4.12.1 Оқу жұмыстарын толықтыратын материалдарды қосымшаға орналастыруға болады. Мұндай қосымшаларға, мысалы, графикалық материалдар, үлкен форматтағы кестелер, есептер, ЭЕМ–де шығарылатын аппаратуралар мен аспаптардың сипаттамасы, алгоритмдерінің сипаттамасы мен есептердің бағдарламалары және т.б. кіреді.

Әрбір қосымша жаңа парақтан басталады. Егер ол біреуден көп болса, қосымшалар орыс алфавитінің А әрпінен бастап бас әріптермен белгіленеді. **Ё, З, Й, О, Ч, Ы, Ъ, Ь** әріптері қолданылмайды. **«Қосымша»** сөзінен кейін реттілікті білдіретін әріп жазылады. **«Қосымша»** сөзі тақырып түрінде парақтың ортасына жазылады, тек бірінші әріптен басқасы, кіші әріппен жазылады.

Қосымшаларға көшірмелерді (ксерокопиялары), миллиметровкаларды, калькаларды және т.б. қорғауға шығарылатын **1:1** немесе **1:2** масштабындағы графикалық материалдарды қосуға ұсынады. Қосымшаға графикалық материалдардың көшірмелері бүктелген парақтардың беттік бөлігінде мөртабаны көрініп тұратындай салынуы керек. Парақтарды бүктеу кезінде бүктелген парақтардың көлемі **A4** форматы шегінен аспауы керектігін де қарастыру қажет және түптеуге орын қалдырылуы тиіс.

4.12.2 Әрбір қосымшаның мәтіні, қажеттілігіне қарай, бөлімдерге, бөлімшелерге, тармақтарға және тармақшаларға бөлінуі мүмкін. Қосымшаларда бөлімдер, бөлімшелер, тармақтар, тармақшалар, графикалық материал, кестелер мен формулалар әрбір қосымша шектерінде нөмірленеді. Нөмірлердің алдына сол қосымшаның әрпі жазылады.

Суреттер мен кестелер де әрбір қосымша шектерінде нөмірленеді:

Мысалы – А.1-сурет, А.1-кесте.

Егер қосымша бірнеше параққа жазылатын болса, онда әрбір параққа «**А қосымшасының жалғасы**» деп жазып отыру керек. Қосымшалардың парақтарының нөмірлері оқу жұмысының басқа бөлімдерінің парақ нөмірлерінің жалғасы ретінде жазылады.

5 Оқу жұмыстарының мәтінін рәсімдеуге қойылатын талаптар

5.1 Оқу жұмыстарын орындау тәсілдері

5.1.1 Оқу жұмысының мәтіні компьютерлік баспаны қолданып жазылуы тиіс.

Оқу жұмыстарының мәтіндері Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.

Конкурстық, зерттеу жұмыстары компьютерлік баспаны қолданылып жазылуы тиіс.

5.1.2 Оқу жұмыстарына мәтіні А4 форматындағы (210x297мм) ақ қағаздың бір бетіне МЕСТ 2.301-68 бойынша жазылуы керек. Қажет болған жағдайда, үлкен кестелер немесе суреттерді А3 (297x420мм) және А2 (420x594мм) форматтарында орындауға рұқсат етіледі.

5.1.3 Мәтіндік бөлімнің парақтарына жиектеме сызылмайды. МЕСТ 2.106-96 бойынша рәсімделетін сипаттамаларға жиектеме сызуға болады.

Компьютерлік баспаны қолданған кезде оқу жұмыстарының мәтінінде қырлары келесідей өлшемде болуы тиіс: *жоғарыдан - 20мм; төменнен – 25мм; сол жақтан – 30 мм; оң жақтан - 10 мм; магистрлік диссертация үшін оң жақтан – 15 мм.*

5.1.4 Мәтінді компьютерлік баспаны қолдана отырып теру Microsoft Word редакторы, Times New Roman (KZ Times New Roman, Times Kaz, Times/ Kazakh) қарпі арқылы жүзеге асырылады. Оқу жұмысы А4 форматының бір бет парағында *№14 қаріппен бір интервал* арқылы жазылады, кестенің басына №12 қаріппен бір интервал арқылы жазуға рұқсат етіледі. Мәтін тығыздығы бірдей болуы тиіс. *Абзацтық шегініс* мәтін шектерінде бірдей және *бес таңбаға* тең болуы тиіс.

5.1.5 Оқу жұмыстарының мәтініне жеке сөздерді, формулаларды, шартты белгілерді, латын және грек алфавитінің әріптерін, сонымен қатар суреттерді қара түсті сиямен, пастамн немесе тушьпен жазу қажет. Сондай-ақ жазылған мәтіннің тығыздығы компьютермен жазылған мәтіннің тығыздығына жақын болуы шарт.

5.1.6 Оқу жұмыстары орындалғаннан кейін анықталған қателерді, графикалық қателіктерді жөндеу тазартып өшіру арқылы немесе орнына келтіру арқылы жүзеге асырылады немесе машинамен жазу әдісі арқылы мәтіндегі (графика) түзетілген жолдардың арасына кіргізіп жазу немесе қара түсті сия, паста немесе тушьты пайдалану арқылы қолмен жүзеге асырылады. Бүлінген парақтар, түзетілген, іздері толық өшірілмеген мәтіндер жіберілмейді. Бір беттегі *қателіктерді жөндеу саны бестен* аспауы керек.

5.1.7 Сипаттама мәтіні сызба қарпімен, сызба қарындашымен немесе тушьпен жазылады.

5.1.8 Оқу жұмыстарының барлық парақтары титулды парақтан бастап, қосымша мен сипаттаманы қосқанда, соңына дейін үздіксіз нөмірленеді. Парақтарды нөмірлеу «КІРІСПЕ» жазылған беттен бастап, араб сандарымен **парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүкте қоймай нөмірленеді.**

5.2 Оқу жұмысының мәтінін бөлу

5.2.1 Оқу жұмысының мәтінін бөлімдерге бөлу қажет. Бөлімдер тармақтарға немесе бөлімшелер мен тармақтарға бөлінуі мүмкін. Тармақтар қажеттілігіне қарай тармақшаларға бөлінуі мүмкін.

Оқу жұмысының мәтінін тармақтарға немесе тармақшаларға бөлген кезде әрбір тармақ пен тармақшада ақпарат (мәлімет) аяқталған болуы тиіс.

5.2.2 Бөлімдер, бөлімшелер, тармақтар мен тармақшаларды араб сандарымен нөмірлеп, **абзацтық шегіністен** бастап жазу қажет.

Диплом жұмысының (жобаның) **әрбір бөлімі жаңа парақтан (беттен) басталуы керек.**

Бөлімдер қосымшаларды қоспағанда, бүкіл мәтін бойынша ретпен нөмірленуі тиіс.

Мысалы – **1, 2, 3 және т. б.**

Бөлімше немесе тармақтың нөмірі бөлімнің нөмірі мен бөлімшенің немесе тармақтың реттік нөмірінен тұрады, нөмірлер арасына нүкте қойылады. Мысалы – **1.1, 1.2, 1.3 және т. б.**

Тармақшаның нөмірі бөлімнің, бөлімшенің, тармақтың және тармақшаның реттік нөмірлерінен тұрады, нөмірлер арасына нүктелер қойылады.

Мысалы – 1.1.1.1, 1.1.1.2, 1.1.1.3 және т.б.

Оқу жұмысының мәтінінде бөлімнің, бөлімшенің, тармақтың және тармақшаның нөмірлерінен кейін **нүкте қойылмайды.**

Егер оқу жұмысының мәтіні тек тармақтарға бөлінсе, онда олар қосымшаларды қоспағанда, бүкіл мәтін шектерінде ретпен нөмірленеді.

Егер бөлімде немесе бөлімшеде тек бір ғана тармақ немесе бір ғана тармақша болса, онда олар нөмірленбейді.

5.2.3 Оқу жұмысының бөлімдері мен бөлімшелерінің тақырыбы болуы керек. Әдетте, тармақтарда тақырып болмайды.

Тақырыптар бөлім мен бөлімшенің мазмұнын қысқа және айқын көрсететіндей болуы қажет.

Бөлім мен бөлімше тақырыптары **абзацтық шегіністен** бас әрішпен басталып, соңына нүкте қойылмай, асты сызылмай жазылады.

Егер тақырып екі сөйлемнен құралса, олардың арасына нүкте қойылады. Мысалы:

1 Аналитикалық шолу (бөлім атауы)

1.1 Аппараттар, материалдар, реактивтер (бөлімше атауы)

Компьютерлік баспаны қолдану кезінде бөлімнің тақырыбы мен бөлімшенің аралығы 1 жол болуы тиіс. Бір бөлімнің ішіндегі бөлімшелер мәтіннен екі жол шегініспен өзара ажыратылады.

Тармақтар мен тармақшалар ішінде санаулар келтірілуі мүмкін. Санаулардың әрбір позициясы алдына сызықша (дефис) қойылады, егер осы санаулардың бірінде оқу жұмысының мәтініне сілтеме жасау қажет болса, сызықша орнына орыс алфавитінің кіші әріптері жазылып, нүкте қойылмай, жақша қойылады. Санауларды одан әрі жіктеу үшін араб

сандарын қолдану қажет, олардан кейін нүктесіз жақша қойылады, екі абзацтық шегіністен бастап мәтін жазылады.

Санаулар соңында үтірлі нүкте немесе нүкте қойылады. Санаудың әрбір жаңа позициясы **абзацтық шегіністен** кіші немесе бас әріптерден бастап жазылады. 1-мысал:

Аспаптардағы діріл мына кездерде пайда болуы мүмкін:

- айналмалы элементтердің теңгерімсіздігі нәтижесінде;
- раманың пішінінің жеңіл өзгеруі нәтижесінде;
- аэродинамикалық жүктемелер.

2-мысал:

а) _____;

б) _____;

1) _____;

2) _____;

в) _____.

5.3 Оқу жұмысы мәтінінің жазылуына қойылатын талаптар

5.3.1 Оқу жұмысының мәтіні қысқа, анық және әртүрлі түсінік бермейтін болуы керек.

Оқу жұмысының мәтінінде қолданыстағы стандарттармен немесе заңнамалық актілермен белгіленген терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар қолдану қажет.

5.3.2 Рим сандарын тек бұйым сортын (категориясын, класын), химиялық элементтердің валенттілігін, жыл тоқсандары мен жарты жылдықтарды белгілеуге қолдану қажет. Басқа жағдайларда тек араб сандары қолданылуы тиіс.

5.3.3 Оқу жұмысының мәтіні шектерінде бірдей көрсеткіштің физикалық шама бірлігі тұрақты болуы қажет. Оқу жұмысының мәтінінде физикалық шамалардың стандартталған бірліктері қолданылуы қажет, олардың атаулары мен белгілері МЕСТ 8.417-2 сәйкес болуы тиіс.

5.3.4 Оқу жұмысының мәтінінде рұқсат етілмейді:

- бір ұғымға әртүрлі ғылыми-техникалық терминдерді, мағынасы жақын сөздерді (синонимдерді), сондай-ақ шетелдік сөздер және тең мағыналы сөздер болған жағдайда терминдерді, қазақ және орыс тілдеріндегі терминдерді қолдануға;

- қазақ және орыс орфографиясының ережесімен және тиісті стандарттармен белгіленген сөздерден басқа қысқартылған сөздер қолдануға;

- кез келген сөз құрап жазуға;

- формулалар мен суреттер құрамына кіретін әріптік белгілеулердің мағынасын ашу мен кестенің жоғарғы тұсы мен шегіндегі физикалық шама бірліктерін қоспағанда, егер олар сандарсыз жазылса, физикалық шамалар бірліктерін белгілеуді қысқартып жазуға.

5.3.5 **Формула, кесте, суреттерден** басқа оқу жұмысының мәтінінде қолдануға рұқсат етілмейді:

- теріс мәнді шамалардың алдына «-» математикалық таңбасын қолдануға («минус» сөзін қолдану керек);

- диаметрді белгілеуге «Ø» таңбасын қолдануға («диаметр» сөзін қолдану керек). Суреттерде диаметрдің шекті ауытқуында немесе өлшемін көрсету кезінде өлшем санының алдына «Ø» таңбасын қоюға;

- математикалық белгілерді сандық мәнсіз қолдануға; мысалы, > (үлкен), (кіші), (тең), (үлкен және тең), (кіші және тең), ≠ (тең емес), сондай-ақ № (нөмір) және (пайыз).

Оқу жұмысының мәтінінде (үлкен), (кіші), (тең), (үлкен немесе тең), (нөмір), (пайыз) және т.б. сөздерді жазу қажет.

- стандарттарға (МЕСТ, ҚР СТ, Ф. СТ, ҚазҰТЗУ СТ және т.б.) сілтеме жасаған кезде олардың белгілеуін көрсетпей, тек стандарттың индексін жазуға, стандарттар бар құжаттар санаты мен басқа да түрлерін, сонымен қатар оқу жұмысының әр түрлі жолына немесе мәтіннің әртүрлі бетіне құжаттың индексі мен белгісін жазуға болады.

5.4 Формулалар

5.4.1 Қосымшада көрсетілген формулалардан басқа, формулалар араб сандарымен ретпен нөмірленеді, формуланың нөмірі формула жазылған жолдың соңында оң жағына дөңгелек жақша ішіне қойылады. Әрбір формула немесе теңдеудің жоғарғы және төменгі жағынан **кем дегенде бір бос жол** қалдырылады.

Мысалы – (1), (2), (3) және т.б.

(1) - бір формуланы білдіреді. Мәтінде формуланың реттік нөмірінің сілтемесі жақша ішінде көрсетіледі.

Мысалы - ... (1) формулада.

Қосымшаларда жазылатын формулалар санның алдына қосымшаның әріптік белгісі көрсетіле отырып, әрбір қосымша көлемінде араб сандарымен нөмірленеді.

Мысалы - ... (В.1) формуласында.

5.4.2 Формулаларды бөлім ішінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда формула нөмірі бөлім нөмірі мен формуланың реттік нөмірінен тұрады, олардың арасына нүкте қойылады.

Мысалы – (3.1), (3.2), (3.3).

5.4.3 Формуланың құрамына кіретін символдар мен сандық коэффициенттердің түсініктемелері мәтінде немесе қосымшада жазылмаса, ереже бойынша формуладан соң жазылуы тиіс.

Әрбір символдың түсініктемесі жаңа жолдан басталып, формулада көрсетілген символдардың ретімен келтіріледі.

Түсініктеменің бірінші жолы абзацтық шегіністен «мұндағы» (қос нүктесіз) сөзімен басталуы керек.

Мысалы – әрбір үлгінің тығыздығы кг/м^3 мына формуламен есептеледі

$$\rho = \frac{m}{v}, \quad (1)$$

мұндағы m – үлгі массасы, кг;

v – үлгі көлемі, м^3 .

Бірнеше формуланы қатар жазған жағдайда, олардың арасына үтір қойылады.

Мысалы

$$s = v \cdot t, \quad (1)$$

$$\rho = \frac{m}{v}. \quad (2)$$

5.4.4 Формуланы келесі жолға тасымалдау орындалатын операциялардың таңбаларын келесі жолдың басына қайталап жазу арқылы жүзеге асырылады. Формуланы тасымалдау кезінде көбейту белгісінің орнына «x» белгісі қолданылады.


5.4.5 Оқу жұмысының мәтінде математикалық теңдеулерді жазу тәртібі формулаларды жазу тәртібімен бірдей.

Диплом жұмысының мәтінде пайдаланылатын формулаларды формулалар редакторын қолданып жазу қажет.

5.5 Кестелер

5.5.1 Кестелер көрсеткіштерді салыстыру ыңғайлы болу және үздік көрнекілік үшін қолданылады. Сандық материалдарды әдетте кесте ретінде жасайды.

1-кесте – Илемдік орнақ өндірісінде қолданатын технологиялық жабдықтардың деректері



5.5.2 Кесте атауы, оның мазмұнын көрсетіп, дәл, әрі қысқа қамтып көрсетілуі тиіс. **1-кесте** сөзі кестеден жоғары абзацтық шегіністен бастап, **1-кесте** сөзінен кейін сызықша қойылады және кесте атауы жазылады. Кестенің өзі абзацсыз, сол жақ жанына сызылады.

Кестенің бір бөлігін сол бетке немесе басқа бетке көшірген кезде, кесте атауын тек кестенің бірінші бөлігінің үстіне орналастырады.

5.5.3 Кесте қосымшаларын қоспағанда, кестелер араб сандарымен, реттік нөмірлермен нөмірленеді.

Кестедегі әрбір қосымшаға сан алдындағы қосымша белгісін қосумен, араб сандарымен жеке нөмірлеуді білдіреді.

Егер мәтінде бір ғана кесте болса, егер ол А қосымшасында келтірілсе, онда ол «1-кесте» немесе «А.1-кесте» деп белгіленуі тиіс.

Барлық кестеге оқу жұмысы мәтінінде сілтеме келтірілуі тиіс, сілтемеде «кесте» сөзі оның нөмірі көрсетілуімен жазылуы қажет.

Кестелерді бөлім шектерінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, кесте нөмірі нүктемен бөлінген бөлім нөмірі мен кестенің реттік нөмірінен тұрады. Мысал:

«2.1-кесте» - 2-бөлімнің 1-кестесі.

5.5.4 Кестедегі бағаналар мен тармақтардың атаулары тақырыппен, немесе бас әріппен бір сөйлемді құраса, егер олардың дербес мәні болса, онда олар бас әріптен, ал бағаналар тақырыпшалары кіші әріптен басталып жазылуы қажет. Кестенің тақырыптары мен тақырыпшаларынан кейін нүкте қойылмайды. Кестенің тақырыптары мен тақырыпшалары жекеше түрде көрсетіледі. Кестедегі қаріп көлемін мәтінге қарағанда кішірейтіп жазуға рұқсат етіледі.

5.5.5 Бүйір тақырыптары мен тақырыпшаларын және бағаналарды диагональ сызықпен бөлуге рұқсат етілмейді.

Бағаналар тақырыптары, әдеттегідей, кесте қатарларына параллель жазылады. Қажет болған жағдайда, оларды перпендикуляр орналастыруға рұқсат етіледі.

Кестеде параллель және перпендикуляр орналасқан тақырыптарды алмастыруға рұқсат етілмейді.

5.5.6 Кестені, оның көлеміне қарай, оған алғашқы сілтеме болған мәтіннің астына немесе келесі бетке, ал қажет болған кезде, қосымшаларға орналастырады.

Кестені оқу жұмысы парағының ұзындығы бойынша орналастыруға рұқсат етіледі.

Егер кестетедгі баған жолдары парақ форматынан үлкен болса, онда оны екі бөлікке бөледі. Бірінші бөлікті басқасының астына немесе қатарына орналастыра отырып, сонымен қатар кестенің әрбір бөлігінде оның басы мен бүйірі қайталанады.

«Кесте» сөзі, кестенің бірінші бөлігінен сол жаққа қарай бір рет көрсетіледі, басқа бөліктерге *курсивпен* белгіленген сөз: кесте нөмірі (белгісі) көрсетілуімен, «*Кестенің жалғасы*» келтіріледі.

Егер парақ соңында кесте үзілсе, және оның жалғасы келесі бетте берілсе, онда бірінші бөліктегі кестелерге, кестені шектейтін төменгі көлденең сызық жүргізілмейді.

Бағаналары аз кестелерді бөліктерге бөліп, оларды бір бетке бір бөлімді басқасының жанына орналастырып, сонымен қатар кестенің басын қайталайды.

5.5.7 Кестеге «**Рет бойынша нөмір**» бағанын қоюға рұқсат етілмейді.

Кесте бағаналарын араб сандарымен нөмірлеуге оқу жұмысының мәтінде оларға сілтеме болғанда, кестелерді бөлу кезінде, сондай-ақ кесте бөлігін келесі бетке көшіру кезінде рұқсат етіледі.

Көрсеткіштерді, параметрлерді және басқа да деректерді нөмірлеу қажет болған кезде реттік нөмірлерді бірінші бағанда (кесте бүйірінде) тікелей олардың атауларының алдында көрсету қажет.

Бағаналар тақырыптары мен тақырыпшаларының мәтінін қысқарту үшін жеке ұғымдарды 2.321 МЕСТ белгілеген әріптік белгілермен немесе басқа да белгілермен, егер олар мәтінде немесе суреттемелерде келтірілсе ауыстырылады. Мысалы, ***D-диаметр; H-биіктік; L-ұзындық.***

Кестені мәтіннен бір бос жолмен бөледі.

5.6 Иллюстрациялар

5.6.1 Оқу жұмысының мәтіндегі графикалық материал оны жақсы түсіну үшін, сондай-ақ нысан қасиеттерін немесе сипаттамаларын анықтау үшін қойылады. Графикалық материал – «сурет» терминімен ұсынылады, ал сурет атауы – сұлба, диаграмма, кесте және тағы басқалардан тұруы мүмкін.

Графикалық материал – тікелей мәтіннен кейін қойылуы тиіс, ол туралы бірінші рет, немесе келесі бетте, қажет болған кезде қосымшада аталады.

5.6.2 Мәтінге қойылатын суреттер Бірыңғай конструкторлық құжаттамалар жүйесінің мемлекеттік стандарттары талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Иллюстрациялар компьютерлік орындауда және түрлі-түсті болуы мүмкін. Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) барлық иллюстрацияларға сілтемелер берілуі тиіс.

5.6.3 Суреттің тақырыптық атауы бар болуы мүмкін. Оның астына парақ ортасына орналастырылады және келесі түрде жазылады. Мысал:

1-сурет – Аспап бөлшектері (электр тізбегінің сұлбасы, диаграмма күйі, кесте ...)

Қажет болған жағдайда графикалық материалының астына түсіндірмелік деректерді орналастырады. «Сурет» сөзі мен атауы түсіндірмелік деректерден кейін орналастырылады.

Сілтеме жасаған кезде суретке, реттік нөмірлеу кезінде «2-суретке сәйкес» деп, бөлім бойынша нөмірлеген кезде «1.2-суретке сәйкес» деп жазу қажет.

5.6.4 Қосымшалардың графикалық материалдарын қоспағанда, араб сандарымен реттік нөмірлеу қажет. Егер бір ғана сурет болса, онда ол «1-сурет» деп көрсетіледі.

Бөлім шегінде суреттерді нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, сурет нөмірі бөлім нөмірінен және суреттің реттік нөмірінен тұрады. Сөйтіп, екі нөмір арасы нүктемен бөлінеді.

1.1-сурет – Сурет атауы (Сұлба..., диаграмма..., кесте...).

Әрбір қосымшадағы сурет араб сандарымен жеке нөмірлермен көрсетіледі. Сан алдына қосымша белгісі қосылып жазылады. Мысалы:

А.3 - сурет – Сурет атауы (Сұлба..., диаграмма..., кесте...)

5.6.5 Суретті (сұлбаны, диаграмманы және т.б.), әдетте, бір парақта орындайды. Егер сурет бір параққа сыймаса, оны басқа беттерге ауыстыруға рұқсат етіледі. Сонымен қатар, тақырыптық атауы бірінші бетке, түсіндірмелік деректер әрбір бетке орналастырылады және олардың астына «... сурет, ... парақ» деп жазады, егер бірнеше сурет, бір сурет болса «1-сурет, ... парақ» деп жазылады.

5.6.6 Диаграммадағы өлшем бірліктерге келесі тәсілдердің бірін қолдану қажет:

- шкала соңында, шкаланың соңғы және оның алдындағы сандары арасына (орын болмаған кезде, соңғының алдындағы санды жазбауға рұқсат етілмейді);
- үтірден кейінгі айнымалы шаманың атауымен бірге;
- соңғы саннан кейін шкала соңында, бөлшек түріндегі ауыспалы шама белгіленуімен бірге, алымында – ауыспалы шама көрсетілуімен, ал бөлгіште – өлшем бірлігі көрсетілуімен.

Бұрыштың өлшем бірліктері (градустар, минуттар, секундтар) бір рет – шкаланың соңғы санында жазылуы қажет.

2-суретте диаграмманы орындауға (байланысты ...) бір мысал келтірілген.



2-сурет – Жылдамдықтың өтетін трасса учаскесіне қатысы

5.7 Сілтемелер

Оқу жұмысында мыналарға сілтеме жасауға рұқсат етіледі:

- белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттарға;

